

#28

(964)

15 қыркүйек

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

t Jasqazaq

f Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА!

**ЕКІ ІШЕКТІҢ БІРІН ҚАТТЫ,
БІРІН СӘЛ-ПӘЛ КЕМ БҰРА.
НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ҚАЗАҚ ЕМЕС,
НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА!**

Қадыр Мырза-Әлі

➔ 3-бет

▼ BRENT \$93.69

▼ USD 464,1 T

▼ EUR 497 T

▼ RUB 4,71 T

Аида БАЛАЕВА, мәдениет және ақпарат министрі:



«Қазір әлеуметтік желіде мектептерде хиджаб кию мәселесіне қатысты талқы тоқтар емес. Осыған байланысты діни салаға жауапты лауазымды тұлға ретінде, өз тарапымнан түсініктеме беруді жөн көріп отырмын. Атазаңымызға сәйкес, Қазақстанда дін мемлекеттен бөлінген. Сөз жоқ, мемлекет дін бостандығына кепілдік береді. Бірақ біз – зайырлы елміз! Сол үшін де мемлекеттік саясаттың барлық

мәселелері діни пәтуалармен емес, азаматтық нормалармен реттеледі. Құқықтық-нормативтік актілер әрбір оқушыға мектеп қабырғасында арнайы бекітілген форма киюді міндеттейді. Өйткені білім беру ерекшелігі бірыңғайлықты талап етеді. Ал Конституциямыз бойынша мектептің міндеті – ел азаматтарына сапалы білім беруге кепілдік беру және оны қамтамасыз ету. Сондықтан да, мектепте бала ең алдымен сапалы білім алуы керек. Содан кейін барып, ержете келе діни наным-сенімін, қандай киім үлгісін киетінін өзі шешеді деп ойлаймын».

Ерлан ҚОШАНОВ, Мәжіліс төрағасы:



«Мектеп – білім ордасы. Ол жерде білім берілуі керек. Менің ойымша, балаларды немесе оқушыларды басқа мәселеге алаңдатпауымыз қажет. Министрліктің заң бойынша формаға қатысты стандарттары бар. Сол стандарттарды ұстануымыз керек. Балалар кәмелет жасына толғаннан кейін қандай жолмен жүретінін өздері таңдайды».

АПТАНЫҢ ҮНДЕУІ

Насымжан ОСПАНОВА, оқу-ағарту министрлігі балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы:

«Елімізде балалардың құқығын қорғау бағытында қатаң шаралар қолданылады. Заңнама бойынша балаға зорлық-зомбылық көрсету фактісі туралы хабарлау үшін өтініш жазудың қажеті жоқ. Жалғыз рет қоңырау шалса жетіп жатыр.



Көрші үйден баланың шыңғырған, жылаған даусын естідіңіз бе – үнсіз қалуға болмайды. Бұл жай ғана қолайсыз жағдай емес, бұл құзырлы органдарға хабарлайтын жағдай. Кіре беріс есікте учаскелік полицияның нөмірі жазулы тұрған жоқ па? Немесе мектепке қоңырау қалай шалатынын білмейсіз

бе? Әлде ортақ чатқа жаза алмайсыз ба? Балаға қатысты зорлық-зомбылықты хабарлаудың түрлі жолы бар. Мен баланың құқығымен байланысты мәселеге келгенде ешбір мемлекеттік орган бей-жай қарамайтынына сенімдімін.

Сондай жағдай бола қалса, БАҚ-тың бәрі хабар таратады, желінің бәрі шулайды. Бұл жердегі ең басты дүние – зәбір көрген баланы суретке түсірмеу керек. Аты-жөні мен мекенжайын, қай мектеп оқушысы екенін көрсетпеу керек. Өйткені бала ертең өседі. Оның тағдыры сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан осы жағын ескерсеңіздер».



ҚАЗІР ӘРКІМ ОЙЫНА НЕ КЕЛСЕ, СОНЫ АЙТАТЫН ЗАМАН. ӘСІРЕСЕ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ОҚЫС БІР ОЙДЫ ТАСТАП ЖІБЕРСЕ, ҚҰРҒАҚ ҚАМЫСҚА ТИГЕН ӨРТТЕЙ ҚАУЛАЙ ЖӨНЕЛЕДІ. МІНЕ, БАСҚА ТАҚЫРЫПТЫҢ БӘРІН «ЖАЙПАП» БОЛЫП, КЕЗЕК ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ ДОМБЫРАСЫНА КЕЛІПТІ. ӨТКЕНДЕ «ДОМБЫРА ШЕРТУ, БЕТАШАР ЖАСАУ, КЕЛІННІҢ СӘЛЕМ САЛУЫ – ХАРАМ» ДЕГЕН ЖАЗБА ТАРАП, РАМАЗАН СТАМҒАЗИЕВ СИЯҚТЫ ӨНЕР АДАМДАРЫНАН БАСТАП КҮЛЛІ ҚАЗАҚ ЖҰРТЫ ҰЛТТЫҚ АСПАБЫМЫЗДЫ ҚОРҒАП, ӘЛГІ АРАМ ПИҒЫЛДЫ ПІКІРГЕ ТОЙТАРЫС БЕРДІ. ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ ДА МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ. ОНДА «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ҚОЛДАНУШЫЛАРЫН «ДОМБЫРА ШЕРТУ, БЕТАШАР ЖАСАУ, СӘЛЕМ САЛУ – ХАРАМ» ДЕГЕН МАҒЫНАДА БІР ЖАҚТЫ, НЕГІЗСІЗ ПІКІР АЙТЫП, ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ТҮСІНБЕУШІЛІК ТУДЫРМАУҒА ҮНДЕЙМІЗ, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ КЕЛУ ДҰРЫС ЕМЕС ЕКЕНІН МӘЛІМДЕЙМІЗ» ДЕЛІНГЕН. МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ АМАНЖОЛ ӘЛТАЙ ДА ДОМБЫРАНЫ ХАРАМ ДЕГЕНДЕР ТУРАЛЫ ӨЗ ПІКІРІН ЖЕТКІЗДІ.

Аманжол ӘЛТАЙ:



Фото: malim.kz

ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ СИНОНИМІ

«Ұлттық этникалық төлтума мәдениетіміздің шырақшысы – қазақтың қасиетті қара домбырасы. Өкінішке қарай, бүгінгі қоғам арасында, әлеуметтік желілерде осы халқымыздың арда болмысын ардақтайтын домбыра аспабына деген шабуылдар, жас ұрпақтың санасын теріс ұғымдарға итермелейтін қауіпті де ұлттық дүниетанымымызға жат пікірлер

көбейіп барады. Әсіресе, діни жат ағымдардың жетегінде кеткен кейбір Қазақстан азаматтары жұртты адастыратын теріс пікірлер таратып жүр. Бұған әлеуметтік желіде желдей есіп жүрген «Домбыра – харам» деген секілді адам шошытар алып қашпа сөздер дәлел.

Домбыра – тарихи санамызды жаңғыртуға жол ашатын, ата тарихымызды, халқымыздың ғасырлар безбеніндегі сан қырлы тағдырын баяндайтын, өткені мен бүгінін үндестіретін қайталанбас ұлы құндылығы.

Домбыра – бүгінгі жас ұрпақты мейірімділік пен парасаттылыққа, адалдық пен Отансүйгіштікке, қайсар намыс пен қайырымдылыққа баулитын адам жанының бағбаны. Домбыра – татулық пен бірліктің мәмілегері.

Ата тарихымыздағы небір аласапыран замандарда ұлтты ұйыстыруға, елді біріктіруге, ерлерді ел қорғауға шақыруға



зор рөл атқарған. Кешегі 1932-жылдардың аштығында да ата-бабаларымыз білегінен әл кетіп, өзегі талып, ақтық демі шыққанша қолынан домбырасын тастамаған. «Нағыз қазақ – қазақ емес, Нағыз қазақ – домбыра» деп Қадыр ақын айтпақшы, Домбыра аспабы – Қазақ деген сөздің синонимі, Ұлт деген ұғымның мазмұнын ашатын мәнге ие. Себебі халқымыздың арман-мұраты, ұлттық тәлім-тәрбиесі, төлтума мәдениеті, дүниетанымы – осы қасиетті домбыра арқылы көрініс табады.

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА!

Ендеше, домбыраға тиісу – Ұлтқа тіл тигізу, төлтума мәдениетімізді қорлау, өткен тарихымыз бен бүгінімізге көлеңке түсіру деп қабылдаймыз. Конституциямыздың 14-бабында нақты көрсетілгендей, қазақ халқының ұлттық құндылығы мен ерекшелігіне тіл тигізуге ешкімнің де қақысы жоқ.

Домбыра – Қазақстандағы аса маңызды символдардың бірі. Домбыраның екі шегі ежелгі заман мен осы заманның сырын шертеді» деп Рим Папасы біздің елімізге келген соңғы сапарындағы сөзін домбыраға арнағаны тегін емес. Дәлірек айтсақ, домбыра – адамзат баласы мән беріп, назарын аударуға тұрарлық қазақ халқының қасиетті құндылығы. Ананың әлдиіндей, баланың бал тіліндей ең тәтті үн – домбыраның үні. Ендеше, аспанда да, жерде де, қаза жүрген жерде домбыра бірге жүреді. Азаттығымның, қазақтығымның бойтұмарындай қасиетті домбыраға тіл тигізуге, қорлауға жол бермейік, армен де, заңмен де қорғай білейік, тыйым салайық!».

«БІЗДЕ СУ, ЭЛЕКТР ҚУАТЫ, ЖАНАРМАЙ, ЖҰМЫС КҮШІ АРЗАН. БІРАҚ ТАМАҚ ӨНІМДЕРІ КӨРШІ ЕЛДЕРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ҚЫМБАТ. НЕГЕ?» ОРГАНИКАЛЫҚ ӨНІМ ӨНДІРУШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ АРСЕН КЕРІМБЕКОВ ЖУЫРДА ОСЫНДАЙ САУАЛДЫ ОРТАҒА ТАСТАДЫ. АЛ ТИІСТІ МЕКЕМЕ ШЕТЕЛДІК ТАУАРДЫҢ НАРЫҚТА ДЕМПИНГ (ТҮРЛІ ТӘСІЛМЕН БАҒАНЫ АРЗАНДАТУ) ЖАСАУЫН САЛЫҚТЫҢ ТӨМЕНДІГІНЕН ДЕП ЕСЕПТЕЙДІ.



Фото: egemen.kz

САЛЫҚ. ОТАНДЫҚ ӨНІМДІ ҚОЛДАУ

Сәрсенбіде Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмірін қосымша құн салығына (ҚҚС) қатысты ұсынысқа пікір білдірді. Қазір мөлшерлемені 12 пайыздан 16 пайызға арттыру жайы талқыланып жатыр. А. Әмірін Салық кодексі бюджеттің кіріс бөлігін арттыруды көздейтінін еске салды. Егер ҚҚС 16 пайызға дейін көбейсе, онда қазынаға қосымша 2-2,4 триллион теңге түседі. Еске сала кетейік, министрлік жазда Ұлттық қордан алдағы жылы 2 трлн теңге қаржы алынатынын хабарлаған.

Вице-министр кәсіпкерлердің «Әсіресе, Ресейден әкелінетін тауар тым қымбат, сондықтан отандық өнім бәсекеге төтеп бере алмайды» дейтін уәжіне тоқталды. Ол мұның себебін қарапайым мысалмен түсіндіріп берді. Терістік көршінің

тауары Қазақстанға келіп жатса, сол елдегі өнім жөнелтуші үшін бұл экспорт деген сөз. Ресейде де ҚҚС үшін нөлдік мөлшерлеме бар. Кәсіпкер жергілікті салық мекемесіне келіп, қосымша құн салығын қайтарып беруін сұрайды. Сөйтіп өнімнің өзіндік

құнының 20 пайызын (Ресейде ҚҚС мөлшерлемесі – 20 пайыз) алады. Осыдан кейін экспорттық өнімімен небәрі 12 пайыз төленетін елімізге келеді. Оның қалтасында 8 пайыз көлемінде қосымша қаржы бар. Ол осы ақшаға ритейлдегі (бөлшек сауда) аса тартымды әрі қымбат сөрені сатып алады. Дүкенге кірсеңіз, ең өтімді жерде сол тауардың «менмұндалап» тұрғанын көресіз. Қалғанын жарнамаға жұмсайды. Міне, демпинг қайдан шығады, «шетелдік тауар неге арзан? – деген сауалға жауап осы.

Мұндай жағдайда, әрине, отандық өнімнің бәсекеге қабілетті болуы екіталай. Оның үстіне шикізаттың кейбір түріне де әлгі нөлдік мөлшерлеме енгізу көзделген. Әңгіме былтыр сөреде табылмай, біраз айқай-шу тудырған қантқа байланысты. Біздің шекер өндірушілерге қажетті шикізаттың елеулі бөлігі солтүстіктегі көршіден келеді. Демек импорттық «тәттінің» өзіндік құны арзандайды. Бұл өз кезегінде отандық қанттың қымбаттауына әкеп соғады. Ал салық мөлшері 16 немесе 20 пайызға өссе, шетелдік компания ритейл мен жарнамаға қосымша қаржы бөлуге мәжбүр. Онда импорттық тауарды өндіру мен сатуға жұмсаған шығын көбейеді. Демпинг жасай алмайды.

Бізде жеке табыс салығы (ЖТС) 10 пайызды құрайды. Бұл да төмен көрсеткіш болып есептеледі. Ресейде – 13%. Экономикасы өрлеген бай мемлекеттердің бәрінде дерлік



Фото: kz.oqu.news



Азамат ӘМІРИН

Foto: primeminister.kz

жоғары. Атап айтқанда, АҚШ-та (федералдық мөлшерлеме) – 37%, Норвегияда – 38,2%, Францияда – 45%, ал Жапонияда – 55,97%. Қайбір жылы «Француз кино жұлдызы табысының бір бөлігін төлеуден қашып, өзге елдің азаматтығын алды» деген ақпараттың тарауы да бекер емес.

Ал Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері және Қатарда салықтың мұндай түрі жоқ. Рас, Әмірліктерге қарасты Дубай мен Әбу Дабиде жергілікті деңгейде мұнай-газ бен банк саласы бойынша салық енгізілген. Алдыңғы екеуінде компаниялар үшін 20 пайыз мөлшерінде корпоративтік салық бар.

Еліміздегі ЖТС бірыңғай сипатта. Әркім табыс көлеміне қарамай, 10 пайыз төлейді. Мұндай тәртіп 2007 жылы енгізілді. Оған дейін прогрессивтік құрылым болатын, яғни кіріс көбейген сайын төлем де көбірек. Енді соған оралатын сияқтымыз. Айта кету керек, Америка мен Еуропада осы құрылым қолданыста. Үкіметтің бұл жүйеден не үшін бас тартқаны

белгілі. Жер-жерде тапқан табысын жасырып қалу немесе жалақыны конвертпен беру сияқты «көлеңкелі бизнестің» жымысқы тәсілдері байқала бастады. Соңғы жылдары елімізде жаппай цифрландыру операциялардың жария болуына ықпал етті. Әсіресе, сауда-саттық, қызмет көрсету сияқты көптеген салаларда QR жүйесі енгізілгелі дүкен де, жанармай бекеті де күнделікті табысын бұрынғыдай жасыра алмайды.

Өзгеріс өз жемісін берді. Қаржы министрлігі хабарлағандай, «көлеңкелі бизнес» деңгейі төмендеді. Нақтырақ айтсақ, 27 пайыздан 19,75 пайызға дейін азайған. Жыл сайын жиналатын салық 2 трлн теңгеге артты. Осы арада пандемия тұсында

мемлекеттің шағын бизнесті қолдау мақсатымен салықтан босатқанын, жеңілдіктің үш жылға дейін созылғанын айрықша атап өткен жөн.

Мақала басында біздегі бензиннің арзан екенін айтып өттік. Көршілердің бөшкелеп әкететіні туралы талай жазғанбыз. 2025 жылы Еуразия экономикалық одағы шеңберінде жанармайға ортақ баға белгіленбекші. Үкімет осыған орай, қозғалтқыш көлемі 3,500-4 000 текше сантиметр болатын көліктерді салықтан босатуды ұсынды. Азамат Әміриннің айтуынша, көлік салығынан жыл сайын 80 млрд теңге түседі. Ал жұмсалатын мұнай өнімдері – 5 млн тонна. Салық арқылы түспейтін қаржының орнын толтыру үшін бензин бағасын 14 теңгеге көтеруді ұсынып отыр.

Салық мөлшерінің төмен болуы

САЛЫҚ. ОТАНДЫҚ ӨНІМДІ ҚОЛДАУ

кәсіпкерлікті ынталандыру, сырттан инвестор тарту тұрғысынан алғанда тиімді-ақ. Неғұрлым көп табыс табатындар соғұрлым көбірек төлесе, көлемі ұлғайған кірісті әділетті түрде бөлуге мүмкіндік береді.

Салық мөлшерінің деңгейі мен бюджет бүйірінің тоқ болуы тиімді де икемді, жан-жақты ойластырылған ереженің болуына байланысты. Сонда ғана экономика дамиды, халықтың әл-ауқаты да жақсара түседі.

СЕРІКБАЙ
СМАЙЫЛ,
экономикалық
шолушы

ҚАЗІР КІМ НЕ АЙТАМ ДЕСЕ ДЕ ӨЗІ БІЛЕДІ. ДЕМОКРАТИЯ, ЕРКІНДІК, СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ ОСЫНДАЙ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. БІРАҚ ЕРКІНДІК ПЕН АШЫҚТЫҚТЫҒЫ ӨЗІНДЕ АҚЫЛҒА ҚОНЫМДЫ ҚИСЫН БОЛМАСА, ОЛ БОСҚА ДАУРЫҒУДАН ӘРІ АСПАЙДЫ, ОНДАЙДА ОЙҒА АЛЫНҒАННЫҒЫ ОРЫНДАЛУЫ ҚИЫН. МӘСЕЛЕН... БІР ДЕПУТАТ МЫРЗА МӘРТЕБЕЛІ МІНБЕРДЕН «ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛ МАЛ БАҚҚАН АДАМДЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ ШЫҒАРУ КЕРЕК» ДЕЙДІ. БІРАҚ БҰЛ ТОСЫН ҰСЫНЫСҚА ҮН ҚОСҚАН ЖАН БАЛАСЫ ЖОҚ. ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР ОНЫ ТЕРІСКЕ ДЕ ШЫҒАРҒАН ЖОҚ. ЕЛЕУСІЗ КҮЙІНДЕ АЙТЫЛДЫ, СОЛ БОЙЫ ҚАЛЫП КЕТТІ. «КІМ НЕ АЙТПАЙ ЖАТЫР?» ДЕП КЕЛЕТІН ЕНЖАРЛЫҚТАН ГӨРІ ӨЗІН ТАНЫТУДЫҒЫ ОЛҚЫ ТҰСЫ. БІЗДІҒ ҚОҒАМДА ҚАЙ СӨЗДІҒ ҚАНДАЙ МІНБЕРДЕН АЙТЫЛУ ДЕҢГЕЙІ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҒ ТӨМЕНДЕП БАРА ЖАТҚАНЫН АҒҒАРТАТЫН МҰНДАЙ МЫСАЛ АЗ ЕМЕС. ДЫРДАЙ АТЫ БАР, БІРАҚ АЙТҚАН СӨЗІНДЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ ЖОҚ ӘҢГІМЕ ӨКІНІШТІЛЕУ МЕ, ҚАЛАЙ?

сыпайы халық қалаулылары жергілікті «жалдамалы» немесе «ақылы» көмекшілерін сөйлетіп, өзі «спектакльдің» соңында «айтқандарыңызды жазып алдым» деген бір ауыз сөзбен сап тыятын әдетке айналған. Шынайылық пен жасандылық шарпыса бастаған кезеңде адамдар ең әуелі әділетті, түйінді сөзді күтеді. Алайда өткен кезеңдер «...Не көп айтылса, соны ақиқат санап, кім көп қолпаштаса, соған құлдық ұратын, қай нәрсе болса да оңай құлап, оңай жирене салатын бәтуасыздықты бойымызға сіңірді» (Ә.Кекілбайұлы). Мұны естен шығарып, есті тірлікке сес болатын ахуалды сіңіру қайта ойға

ЕС ТОҚТАТҚАН АДАМ «ШАЙНАП БЕРГЕН»



оралып отыр. Болашаққа ой салар парасатқа негізделген мінезге арқа тіреген қабырғалы тұжырым керек.

Күні кеше Мемлекет Басшысы Қазақстан халқына Жолдауында нақ осы көкейкесті әлеуметтік-экономикалық мәселенің де тиімді шешілу жолын түпкілікті тиянақтап берді. Қоңыр күздің арайлы таңы Қазақстан Президенті Қ. Тоқаевтың халыққа Жолдауын жария етуімен басталғаны «балапанды күзде санайдының», яғни ел дамуының бағыт-бағдары белгіленіп, сол жаңа міндеттерді жүзеге асыратын кадрлық ауыс-күйістің де іле жалғасқаны ілгерілеудің жауапкершілік салмағын айғақтайтын кезеңнің сыр-сипатын аңғартып үлгерді. Қазіргі әңгіме барысында мемлекеттік үлкен лауазымға кімдердің үміткер болып, кімдердің Мемлекет басшысының сеніміне ие абырой-бедел және кәсіби біліктілік деңгейден табыла білгені туралы апыл-ғұпыл айтылып жатыр. Біздіңше, ел Президенті қоғам жаңаруының сынақ

Жалпы арыны қатты өзендер таяз келеді. Терең өзендер баяу ағады. Түбің көрініп тұрып, қызыл тілді босқа беземе. Білімділер мен білетіндер ақырын сөйлеп,

аз сөзбен көп ойды білдіреді. Өмірден көріп отырғанымыздай, ет-жүрегі елжіремейтін шенеуніктер халықпен есептік кездесулерде «мәселе назарда болады» дегенмен тұйықталса, ал кейбір

кезеңінде тәжірибелі орта буын мен алғыр жастарды алға шығарып, біршама уақыт төзімділікпен олардың қабырғасы қатайып, шыңдалуына мүмкіндік беріп, суытылған тұлпардай бабы мен бағын байқап көрген сияқты. Аға буынның даналығы мен жастардың алғырлығын ұштастыру, бұдан бұрын да айтқанындай, сабақтастықтың дәстүрлі сипатын да сақтау жалғаса бермек. Барды бағалап, өмірлік тәжірибені де керек жерінде пайдаланған жөн. Бір нәрсені әділдік үшін айта кетуді жөн санаймыз. Үкімет көп нәрсені өзгертуге талпынып жатыр. Алайда жергілікті атқару органдары жалаң есеппен

би бол, өзіңе де ие бол! Өмірді өнегеңмен де, өзгені жұмылдыра білген тірлігіңмен өзгерт!» деп отыр. Бұдан артық не керек, «алдыңа ас қойдым, екі қолыңды бос қойдым», енді нығызданып, найқалмай, алаңдамай, жалтақтамай, аянбай халқыңа қызмет ете білудің жаңа кезеңі басталғанын ұғып алатын күн туды.

Ақпараттық ашықтыққа иек артсақ, экономикалық реформалардың нәтижелі болуына бірден-бір кепіл талаптарды ең әуелі жер-жерде түсіндіру және оны мықтап қолға алудың қаншалықты маңызды болып отырғанына қоғамдық бақылау да аса қажет.

жақсылық күтетін әділетті қоғам құрудың жолдарына кедергі келтіретін түрлі құбылысты сол әкімдіктегілер білмей, естімей отыр дегенге кім сенеді. Ар-ұятты белден басып, қашанға дейін аярлық танытамыз?!

Ел Президенті биыл Түркістанда өткен Ұлттық Құрылтайдың екінші отырысында қоғамдық ой-сананы өзгертудің тарихи маңыздылығын көрсетті. Әділетті Қазақстан мен адал адамдар-егіз ұғым болып қалатынын және еске салды. Ал біз өзгердік пе? Қазір қанша жерден ұлттық идеология туралы айтып, сынап, мінеп жатсақ та, әуелі көп болып өздеріміз өзгертін жағына шығатын түріміз байқала бермейді. Сәл енжармыз ба, бір басынан басқаны ойламайтын баққұмарлыққа бой үйреттік пе, қоғамдағы жаңашылдыққа белсенді үн қатумен, маңдай тер төгіп еңбек етумен үлес қосуды ұмытуға болмайды, әрине.

Есті адамдарға түсінікті ұстанымдар мен құндылықтар жайында аз айтылып жатқан жоқ. Аузына шайнап ас салғандай болып отыр. Бірақ шайнап берген ас бола ма? Адамдар өздері кемелденбесе, өздері жаңашылдыққа ұмтылмаса, күткені қалайша келе қалады? Бұл мәселенің бір керекті жағы болса, негізгісі осы мемлекеттік саясатқа дем беретін, жергілікті атқару органдарын басқаруға да білікті, үлкен саясаттың үмітіне қуат әкелетін, абыройы биік, жаңа заманды жарқырата алатын, көзі жанып тұрған адамдар таза ауадай қажет болып тұрғаны анық. Әділетті Қазақстан құрудың әр күні қоғам үшін қымбат па, әрине, қымбат. Сол үшін де әрқайсымыздың рухани-мәдени әлеуетіміздің күшті және сенімді болғаны абзал.

қоғамды алдаусыратып, реформалар мен тапсырмаларды жүре тыңдап, ескіше жұмыс істеуді әлі де жалғастырып келеді. Енді ескіше жүре бергісі келетіндер алысқа бармайды. Бұл Жолдауда Мемлекет басшысы бұдан әрі сілкіністі және серпінді өзгеріс жасаудың экономикалық негізін шегелеп берді. Байлық қайда, ырыс-береке қайдан келеді, мемлекеттік мүдденің мағыналық тиімділігі мен елді мақсатты биікке көтерудің және адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту түсудің жаңашыл қадамдары қандай болады, осының барлығы нақты айтылды. Үкіметке тағы да дербес шешімді, идеялы қарекеттер жасаудың дербес мүмкіндігіне жол ашты. Әрбір министрлік өздеріне жүктелген өз саласын дамытуға, қосалқы тапсырмалармен қосақталмай, таза, кіршіксіз тынысын кеңейтуге, мейлінше ұқыптылықпен, барынша ұтымды жұмыс істеуіне, ал, аудан, ауыл әкімдіктеріне дейін өз бюджетіне қожайын болуға да жағдай туғызғаны да уақыт талабынан деп түсінеміз. «Өзің

Бұл ыңғайда біз ортақ іске жанымыз ашыса, мына бір жәйтті ашық айтуға тиіспіз. Әр өңірдің дамуы елдің дамуын көрсетеді. Кейбір облыс әкімдерінің ескі сарынмен, ескі көзқарастарымен аяңдап қана жүргені, бір жыл бойы ешбір бастамасы мен ұйтқы бола білетін қабілеті байқалмайтын, қағаз жүзінде жалаң есеп беруге бойын үйретіп алған, беделі қаратөбел деңгейдегілерін халық пікірін ескере отырып, кідіріссіз ауыстырған жөн деген ұсынысымыз бар. Әділетті Қазақстан құру ұзаққа созылатын үрдіс десек те, нақты игіліктері мен оң өзгерістерінің ұшқынын лидерлік өз ісімен көрсете алмай отырған әкімдерден жұртшылықтың күтетіні де шамалы. Ең ақыры қарапайым ортада «бұрындары мектеп директоры қызметін біреулер бизнеске айналдырды десе, қазір жалақылары көбейген мектеп мұғалімдерінің орны бизнеске айналды» деген өте жағымсыз сөз желдей есіп тұр. Ал бұл шын болса, біз армандап, әр таңынан

**Мейрамбек
ТӨЛЕПБЕРГЕН,**
Қазақстанның
еңбек сіңірген
қайраткері



Бүгінгі буынның қаперінде жүрсін деп соларға қаратып айтсам ба екен, алпысыншы-жетпісінші жылдары қазақ журнализмінде күрт бетбұрыс болды. Газет мақалалары бірсарындылықтан, қасаңдықтан арыла бастады. Жарияланымдардың жазылу формасында іңкәр ізденістерден іргелі ізденістерге бет бұру байқалды. Реализмнен гөрі романтикалық сарын басым көрініс тауып жатты. Былайша айтқанда, бөтен бір сарын, арыны бөлек ағыс пайда болды. Бұл мінез, әсіресе, сол кездегі «Лениншіл жасқа» (қазіргі «Жас алаш») тән еді. Жалпы бұл бағытты жастар басылымына Оралхан Бөкей ала келді десек, ақиқаттан аса алыстай қоймаспыз. «Қара сөзбен жырлаймын» деп жастықтың алау мінезін сыршыл лиризм, асқақ романтикамен өріп, басылым табиғатын мүлдем басқа арнаға бұрып жіберді. Көркем дүниеге бергісіз очерк, эсселерді бірінен соң бірін бұрқыратты. Айтқандай, бүгінде осындай ортада оза шауып, халқымызға кең танылған қаламгерлердің атын тізіп шықсақ, мақаланың жартысына баркабар болар еді. Олардың басым бөлігі науқандық тақырыптар дегенге жоламайтын. Адамды ортасы өсіреді. А.Сейдімбек, Д.Исабек, А.Нысаналин, К.Сегізбаев, Ж.Бейсенбайлар сол кездің өзінде-ақ алысқа шабатын жүйріктер екенін танытып үлгерген еді. Сол ортада студент бола жүре Пернебай Дүйсенбин де тер төкті. Жастар басылымының сол тұстағы танымал эстетикалық клубы «Аққуда» жарияланған материалдар әлі де оқырман есінде болар. Міне сол «Аққу» студент Пернебайдың көп қырын ашты. Шыны керек, бізде өнер тақырыбына қалам тербеушілердің кейбіріне оны түсініп жазу, кең тыныстап, тереңнен толғау, білімділікпен байыту жетіспейді. Құр таңқалу, тамсану



СӨЗІ САРА,

жағы басым түсіп жататыны да бар. Ал Пернекең мұндай қасиеттен әу бастан бойын аулақ салды.

Өнерді жақсы көру аз, ол жан-тәніңмен, бар болмысыңмен сүю, түсінуді керек етеді. Сонда бойыңдағы білімің, оқығаның мен тоқығаның өз жемісін берері сөзсіз. Ең бастысы, Пернебай бұл тақырыпқа қызығушылық, әуестенушілік тұрғысынан емес, шын мәніндегі терең түйсік пен тыныс биігінен қарап қалам тербеді. Сұлулыққа іңкәрлік іргелі ізденіске ұласып, жүз жол мақала жазу үшін де кітапханаға баратын. Біз кей-кейде қаламгерді терең тану үшін көркем шығармашылығы жөнінде ғана қалам тартып, ой қорытып, оның өзге бөтен қырларын ашуға әдеттенбегенбіз. «Бұлақ

басынан тұнады» деген сөзге мұндайда асығыс аялдап жатамыз. Меніңше, Пернебайдың үлкен шығармашылыққа бара жолдағы баспалдағы – аса күрделі де қасиетті, текті де тегеурінді өнер дүниесін түсінуден, танудан басталды. Сондықтан да оның ең алдымен осы бағыттағы ізденісіне жіті бағдар жасаған жөн.

Өнер тілін түсіну екінің бірінің маңдайына жазылмаған. Оның бойында суретшілік, режиссерлік қасиеттердің қайсыбірі жатуы да сол жолдағы мұратын нұрландыра түссе керек. Сол бір жылдары «Лениншіл жаста» жарияланған Орал Таңсықбаев туралы «Тау мен дала жыршысы» атты эссесі бірден оқырман назарын аударды. Әрине, ол кезде әйгілі суретші

туралы да жазу оңай шаруа емес және онымен кездесуге тәуекел етуге де әркімнің батылы бара бермес еді. Пернебай студент бола жүріп, «Лениншіл жастың» бас редакторы Шерхан Мұртазаның арнайы тапсырмасымен Тәшкенге барып, Қазақстан мен Орта Азиядан шыққан тұңғыш көркемсурет академигі, СССР Халық суретшісі, әлемге аты кеткен қылқалам шебері туралы өзінің туындысындай кең тынысты толғаныс жазды. Осынау тағдыры күрделі, өмірі қарама қайшылықтарға толы тұлғаны балаң студентке сеніп тапсыру да тектен тек емес еді. Сөйтіп ол араға көп жылдар салып барып туған топырағынан жылыстап кеткен кемеңгер тұлғаның тағдырымен қандастарын алғаш хабардар еткен еді. Сондай-ақ «Қалампыр гүлі», «Таң шапағы», «Шуаққа іңкәрлік», «Сұлулық сазы» атты мөлдір де мінезді эсселерінде әлемдік өнер

Университеттен соң отбасы жағдайымен елге кеткен Пернекең әдебиетке ден қойып, балалар үшін тартымды туындылар, кітаптар берді. Әрине, орта мектепте басшы бола жүріп, бұлай еңбектенуді ерлікке балауға болар еді. «Жалынның» жабық бәйгесінің

мектептің ең «сотқар» баласының өзі сезімтал шәкірт болып шығатын. Шәкірттер тек әдебиет, тіл ғана емес, онымен қоса қабат өнер әлеміне сапар шегетін. Бүгінде республикаға танымал әншілер С.Жанпейісова, А.Исатаева, Т.Смайылова және қаламгер



ӨЗІ ДАРА

саңлақтарының шығармашылығына оқырмандарды соны көзқарас тұрғысынан үңілдірді. Бұл жолда ол өзінің көп мүмкіндігін ашып, сенім артқан Шерхан Мұртазаға деген алғысын айтудан қай кезде де танбайды. Пернекең көркемдік туралы ойларын көпшілікке жеткізуде де формалық жағынан айрықша ізденді. Оның кейбір жарияланымдарын сырласу, хат үлгісінде жазуы да соның айғағы. Мәселен, «Көгілдір кеңістік» атты эссесінде жан досына пәк, адал көңілден сыр ашады. Ленинградта студенттердің бүкілодақтық ғылыми конференциясына қатысқан сол жолы осы картинаны көріп, сол әсерін әсершіл досымен бөлісу үшін осы тәсілді таңдайды.

жеті мәрте жүлдегері болды. «Пернебай ауылға кетіп, кейбіріңнің жолың ашылды ғой» деп курстасы Ақселеу Сейдімбектің әріптестеріне әзілдейтіні осы кез. Қашанда болсын шәкірт өмірінде өзгерістер, бетбұрыс жасаушы – ұстаз. Осы тұрғыдан келгенде, Пернекеңнің шәкірттерінің оған деген алғысы шексіз. Соның бірі – өзім. Ол кісінің жазушылық еңбегінің негізі сол педагогикамен тығыз байланысты. Бойына біткен талғампаздық, педагогқа ғана тән мол білімдарлық пен парасаттылық оны қаламгер етті. Тоқырау заманында қазақ әдибиеті мен тілі пәнінің оқыту методикасы мен бағдарламасы қандай болғанын кешегі шәкірттер әлі ұмыта қойған жоқ. Ал Пернекеңнен дәріс алған

Б.Төлепберген, Қ.Қырғызбаев осы кісінің төл шәкірттері. Иә, ауылда жүріп-ақ Алаштың ардақ тұтар қаламгеріне айналған, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Пернебай Дүйсенбин бүгінде сексеннің сеңгіріне шықты. Өмірінде мерейтой өткізу қаперіне де кірмеген ол өзін қашанда үлкен жолдың үстінде келе жатқан жолаушыдай сезінеді. Әрине, жай жолаушы емес. Сөзі сара, өзі дара Дүйсенбин. Бұл – ел ішінің бағасы.



Қали СӨРСЕНБАЙ, ҚАЛАМГЕР



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының
бірлескен ЖОБАСЫ

**ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА
ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ.**

**ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК
САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА
БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР,
АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ.**

**КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ РИНАТ ҚАСЫМОВ СҰХБАТ ЖАНРЫН
МЕҢГЕРУ МАҚСАТЫМЕН ТАНЫМАЛ АТБЕГІ ЕРСІН РАХЫМБАЕВПЕН
КЕЗДЕСІП, ӘҢГІМЕЛЕСТІ.**

– Рахмет, әрине, іріктеу жеңіл
тиген жоқ. Өзімізге ештеңе емес,
бұл бәйгеде аттың мықтылығы,
тұяғының жұмырлығы, тынысының
кеңдігі сыналады ғой. Алматыдағы
іріктеу де оңай болған жоқ.

Өзтемір ауылынан шығып Ақбастау
ауылына дейін елу шақырым шауып
келіп, қайтадан кері 50 шақырым
тоқтаусыз шаптық. Төрт сағатта
өндіріп, өзімнің қолтума қарагер
атыммен бірінші келдім. Тағы бір
атым 7-орында келді. Сөйтіп 25
аттың ішінен іріктеуде бағымыз
жанды.

ЕРСІН РАХЫМБАЕВ, АТБЕГІ:

БИЫЛ ДА БАҒЫМЫЗДЫ СЫНАЙМЫЗ

Ерсін РАХЫМБАЕВ
республикалық «Ұлы дала
жорығы» республикалық
жобасына былтыр да қатысып,
мәреге бесінші болып жеткен
шабандоз. Алматы қаласының
командасында сынға түсетін
атбегі биыл да өзінің бағын
сынап көрмекке бел буып,
іріктеуден сүрінбей өтіп, алып
шаһар Алматының командасы
қатарына қосылды. Ертең «Ұлы
дала жорығы» республикалық
жобасына аттанар алдында
шабандозбен жүздесіп, шағын
сұхбат алдық.

– Ерсін мырза, әуелі өзіңізді
Алматы командасына іріктеу
арқылы қабылдануыңызбен
құттықтаймын. Мегаполис
командасына қабылдау оңайға
соқпаған шығар?





– Өткен жылғы додада қай кезеңде, болмаса қай өңірдің жерін басып өту қиындық тудырды?

– Түркістан облысына қарасты Ойық асуы деген кезеңді өткенде аттарымызға да, өзімізге де салмақ түсті. Басқа облыстың жерлерінде қатты қиналғамыз жоқ.

Былтыр 1200 шақырымға шабу 12 кезеңде өтті. Былтырғы бәйгенің шарты бойынша 600 шақырымға дейін астындағы атыңды ауыстырмайсың, тек 600 шақырым жерді өндіргеннен кейін ғана екінші атыңа мінуге рұқсат етеді. Биыл тағы 100 шақырым қосылды да, бәйге 13 кезеңнен тұратын болды.



Алғашқы кезеңде аттарды бірден 100 шақырымға емес, 50 шақырымға жібереміз деп отыр. Өйткені жаңадан қосылатын аттар үшін де, шабандоздарға да бірден 100 шақырымды шауып өту ауырлық

етеді. Екінші кезеңнен бастап ары қарай 100 шақырымға аттарды айдаймыз.

– Былтырғы додада сіздерге 5-орын бұйырды ғой?

– Иә, жүлдеге сынық сүйем қалғанда атымыз сүрінді ғой. Үш аттың бірі орта жолға келгенде аяғын басқанда ауырсынып, буыны ұстамай ауырды. Сөйтсек, бұрыннан сондай сырқаты бар жануар екен. Соған қарамастан, біз Түркістанға мәреге бесінші болып жеттік. Биыл енді аттарымыз да бабында, жүлдеден үміттіміз.

– Сәттілік серік болсын, биыл да бәйгемен оралуды тілейміз.

Ринат ҚАСЫМОВ,
курсқа қатысушы

СӨЗТҮЗЕР

**ЖҰМЫС
ЖАСАҒАН****МЫСАЛ:**

Өзіміз таңдап
келген жұмыс
болған соң
жасаймыз.

Сол жерде
жұмыс жасап
жатқан
адамдармен
таныстырамын.

Қазақ тілінде
«жұмыс істеу»
тіркесі бұрыннан
қалыптасқан
және әдеби
нормаға сай.



«Жұмыс жасау» –
жергілікті
жерде ғана
қолданылатын,
әдеби нормаға
жатпайтын тіркес.

ДҰРЫСЫ: ...
жұмыс істеген...
жұмыс істеп
жатқан...

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате қолданыстар
сөздігінен

Қазақстанда
30 ЖЫЛ

**Табысты серіктестікке
30 ЖЫЛ****Болашаққа бірге ұмтыламыз**

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап “Шеврон” прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда “Шеврон” Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде.

Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

the
human
energy
company



**Бас редактор —
директор**
Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-кабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)